



Алхан Бөкейхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOĞAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан
бастап шығады

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 30 (8015) 31 қазан, Жұма 2025 жыл

aktogai_red@mail.ru

* Ресми

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысында сөйлеген сөзі

Құрметті мемлекеттер басшылары!
Қадірлі достар!

Бүгін біз Шанхай ынтымақтастық ұйымының алдағы даму бағытын анықтау үшін халықаралық саясаттың орталығы ретінде танылған Астанада жиналып отырмыз. Біз Ұйымымызды достық, тату көршілік, теңқұқықтық және өзара қолдаудың, яғни «Шанхай рухы» негізінде жұмыс істейтін мемлекетаралық қатынастардың тиімді тетігіне айналдыра алдық.

ШЫҰ кеңістігінде үш миллиардтан астам адам тұрады. Ұйымға экономикасы аса ірі және

ерекше назар аудардық. «ШЫҰ форматын» барынша тартымды ететін бірқатар маңызды жоба іске қосылды. Олардың қатарында «ШЫҰ елдерінің рухани киелі орындары» жобасы мен «ШЫҰ Жібек жолы» бірінші халықаралық музыка фестивалі бар. Сондай-ақ бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін 10 туристік аумақ анықталды.

Алматы қаласы ШЫҰ-ның мәдени және туристік астанасына айналды. Қазақстан ШЫҰ төрағасы ретінде алдыңғы саммитте айтылған барлық мақсат-міндетті толығымен



жылдам дамып келе жатқан мемлекеттер кіреді. Әлемдік жалпы ішкі өнімнің үштен бірі осы елдерге тиесілі. Бұл біздің Ұйымның орасан зор әлеуеті мен жаһандық рөлін айқын көрсетеді. Мүше мемлекеттердің даусы мен мүдделері тең дәрежеде ескерілетін Шанхай ынтымақтастық ұйымы өзін бірегей алаң ретінде танытты. Дәл осындай мызғымас демократиялық негізге сүйенген ұзақмерзімді ынтымақтастығымыз жаңа мазмұнмен толығымен түсетініне сенімдімін.

Бытыр Ұйымға төрағалық міндетін қабылдаған Қазақстан ШЫҰ-ға мүше барлық мемлекеттің белсенді қолдауымен ауқымды жұмыс атқарды. Біз түрлі деңгейде 150-ге жуық іс-шара, соның ішінде цифрлық даму, туризм, энергетика, бизнес салаларында форумдар және ШЫҰ жастар кеңесін өткіздік.

ШЫҰ-ның Экология жылы аясындағы жұмыс белсенді түрде жүргізілді. Ұйымның Шарттық базасы 60 жаңа құжатпен толықтырылды. Атап айтқанда, Есірткіге қарсы стратегия, Экономикалық ынтымақтастық стратегиясын іске асыру жоспары, Қоршаған ортаны қорғау саласындағы келісім, Энергетикалық ынтымақтастықты дамыту стратегиясы және басқа да құжаттар.

ШЫҰ серіктестері саналатын халықаралық ұйымдардың қатары көбейді. Инвестициялар жөніндегі арнайы жұмыс тобының қызметі қайта жанданды. Ұлттық валютамен есеп айырысуға көшу үдерісі қарқынды дами бастады. Осы шаралардың нәтижесінде ШЫҰ кеңістігіндегі сауда-экономикалық ынтымақтастық өте қарқынды дамып келеді.

Біз Қазақстан төрағалығы кезінде мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға

орындады деп сеніммен айта аламын.

Қазақстанның бастамаларын жүзеге асыруға қолдау көрсеткені және белсенді қатысқаны үшін Ұйымға мүше барлық мемлекетке шынайы ризашылығымды білдіремін. Осы басым бағыттардағы жұмысты жалғастыра отырып, біз ШЫҰ кеңістігінде гүлденген қоғамдастық құруда, сондай-ақ жаһандық деңгейде бейбітшілік, жасампаздық және прогресс идеяларын ілгерілетуде бұдан да зор табыстарға қол жеткізе алатынымызға сенімдімін.

Құрметті әріптестер!

Біздің ойымызша, «Шанхай ондығына» кіретін барша ел үшін стратегиялық маңызы бар басты бағыттарға тоқтала кеткім келеді.

Бірінші. Қауіпсіздік саласындағы өзара сенім мен ынтымақтастықты нығайту.

Қазіргі күрделі ахуал – негізінен халықаралық қатынастар жүйесіндегі дағдарыс салдары. Осы ретте халықаралық құқықтың кемшін тұстарын түзеп, геосаяси тұрғыдан жікке бөлінуге жол бермеу мақсатымен, түптеп келгенде, жаһандық ауқымдағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту үшін ШЫҰ өзінің тұрақтандырушы және жасампаздық рөлін күшейтуге тиіс.

Мемлекеттеріміздің біріккен әлеуеті, экономикалық қуаты мен интеллектуалдық ресурстары бұл бағытта алға қарай батыл қадам басуға мүмкіндік береді.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің адамзатты бейбітшілікке, ынтымаққа және өзара сенімге шақырған үні анағұрлым анық әрі салмақты

(Жалғасы – бетте).

* Мереке мерейі

Конституция – Тәуелсіз Қазақстанның алтын қазығы, кемел келешегіміздің кепілі, демократиялық даму жолындағы берік негізіміз. Ол – халқымыздың бірлігін бекемдеп, әр азаматтың құқығы мен бостандығын қорғап отырған басты құжат.

Биыл Ата Заңымыздың қабылданғанына 30 жыл толып отыр. Бұл мерейлі дата – халқымыздың тарихындағы айтулы белес. Осынау жылдар ішінде Қазақстан талай сын-қатерлерді еңсеріп, әлемге тұрақтылық пен ынтымақтың үлгісін көрсетті.

Ақтоғай ауданында өткен Конституция күніне арналған салтанатты жиын да осы мерейлі мерекеге арналды. Шара Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнімен басталып, барша жұртшылыққа мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Аудан әкімі Абылай Базылұлы Аманжолов құттықтау сөз

Конституция – кемел келешектің кепілі

сөйлеп, Ата Заңымыздың мемлекетіміздің дамуындағы тарихи рөлін айта келіп, тұрғындарға игі тілегін арнады. Әкім ел дамуына елеулі үлес қосып жүрген азаматтарды, үлгілі отбасыларды, көпбалалы аналарды марапаттап, баршаға зор денсаулық, бақ-береке тіледі.

Мерекелік рәсім барысында жас бүлдірішіндерге туу туралы куәліктер, жас жеткіншектерге алғашқы жеке куәліктер табысталды. Көпбалалы отбасыларға аудан әкімінің Алғыс хаттары берілді. Тәуелсіздікпен бірге отау құрғандарына 30 жыл толған шаңырақ иелері де арнайы құттықтау хат пен сыйлықтар алды.



Айтулы күні Жидебай ауылының тұрғыны, көпбалалы ана Бейсембаева Гүлзира Мұхтарқанқызына «Алтын алқа» төсбелгісі салтанатты түрде табыс етілді. Сонымен қатар, Қарағанды облысы бойынша өткен «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауына аудан атынан қатысып, өнегелі дәстүрімен елге үлгі болған Бұланбековтар әулетіне құрмет көрсетілді.

Жиын барысында аудан экономикасы мен қоғамдық өміріне елеулі үлес қосып жүрген бірқатар азаматтар облыс әкімінің және аудан әкімінің Алғыс хаттары мен Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Салтанатты шара соңында аудан жұртшылығы аудандық «Тоқырауын толқындары» ән-би ансамблінің мерекелік концертіне куә болып, көңілді кештің сәні артты.

Құлмұхаммет Серікғалыұлы.

Хабарландыру

"GOLD CONSORTIUM LLP" ТжКБ 11.12.2025 жылы сағат 11:00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересин а. о., Ақжайдақ ауылы, Ақжайдақ станциясы, Бәйтерек көшесі, 37, әкім аппараты мекенжайы бойынша "қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына рұқсат беру құжаттамасы" БҚ ашық жиналысы нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды L блоктарында-43-45-(10в-5а-13,18) Қарағанды облысында".

Бастамашы: "GOLD CONSORTIUM LLP" ТжКБ, БСН 230840900082, Юр. мекен-жайы: ҚР, Астана қ., Сығанақ көшесі, 45, 1101 ғымарат, факті мекен-жайы: ҚР, Астана қ., Сығанақ көшесі, 45, 1101 ғымарат.

Әзірлеуші: С-ГеоПроект ЖШС, Мекен-жайы 010000, Астана қаласы, Мангелик Ел көшесі, 20/2 үй, 506 кеңсе, БСН 110240021170.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен" Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі " ақпараттық жүйесінде танысуға болады ndbecology.gov.kz "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде, сондай-ақ "Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" жергілікті атқарушы органының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Байланыс сілтемесі: [https://us04web.zoom.us/j/3470828229?](https://us04web.zoom.us/j/3470828229?pwd=oq4hqbdJMDjdTK44WxtuGMUWvJGRa3.1&otpp=75187264407)

[pwd=oq4hqbdJMDjdTK44WxtuGMUWvJGRa3.1&otpp=75187264407](https://us04web.zoom.us/j/3470828229?pwd=oq4hqbdJMDjdTK44WxtuGMUWvJGRa3.1&otpp=75187264407). конференция идентификаторы: 347 082 8229. Кіру коды: 123456.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады ndbecology.gov.kz "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде немесе электрондық поштаға borohova2014@mail.ru, expertiza.upr_krg@mail.ru.

Қосымша ақпаратты мына жерден алуға болады borohova2014@mail.ru және 8-778-741-91-51 телефоны бойынша.

Географиялық координаттары: ендік: 76° 21' 60 "С, бойлық: 46°57' 60 " В.

Объявление

ООО «GOLD CONSORTIUM LLP» сообщает, что 11.12.2025 года в 11:00 по адресу Караганданская область, Актогайский район, Ортадересинский с.о., с. Акжайдак, станция Акжайдак, улица Байтерек, 37, аппарат акима состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по «Разрешительная документация к Плану разведки твердых полезных ископаемых на блоках L-43-45-(10в-5а-13,18) в Карагандинской области».

Инициатор: ООО «GOLD CONSORTIUM LLP», БИН 230840900082, Юр. адрес: РК, г. Астана, улица Сығанақ, здание 45, 1101, Факт адрес: РК, г. Астана, улица Сығанақ, здание 45, 1101.

Разработчик: ТОО С-ГеоПроект, Адрес 010000, город Астана, ул. Мангелик Ел, дом 20/2, офис 506, БИН 110240021170.

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться в Информационной системе «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» ndbecology.gov.kz в разделе «Общественные слушания», а также на сайте Местного Исполнительного Органа «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Ссылка на подключение: [https://us04web.zoom.us/j/3470828229?](https://us04web.zoom.us/j/3470828229?pwd=oq4hqbdJMDjdTK44WxtuGMUWvJGRa3.1&otpp=75187264407)

[pwd=oq4hqbdJMDjdTK44WxtuGMUWvJGRa3.1&otpp=75187264407](https://us04web.zoom.us/j/3470828229?pwd=oq4hqbdJMDjdTK44WxtuGMUWvJGRa3.1&otpp=75187264407). Идентификатор конференции: 347 082 8229. Код доступа: 123456.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на ndbecology.gov.kz в разделе «Общественные слушания» или на электронную почту borohova2014@mail.ru, expertiza.upr_krg@mail.ru.

Дополнительную информацию можно получить по адресу borohova2014@mail.ru и по телефону 8-778-741-91-51.

Географические координаты: Широта: 76° 21' 60"С, Долгота: 46°57'60" В.

Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны **Айтбала Адыханқызы!**


Сізді 70 жасқа толған мерейлі туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Отбасыңызға амандық, шаңырағыңызға шаттық, сарқылмас бақыт, зор денсаулық,

ұзақ ғұмыр тілейміз. Ағайын-туыс, дос-жаранның ықыласына бөленіп, балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызық рахатын көріңіз. Алдағы өмірде де құшағыңыз гүлге, қадамыңыз нұрға тола берсін! Алланың берген жасын жасап, ауырмай -сырқамай, берекелі де мерекелі ғұмыр кеуіңізге тілектеспіз. Арайлап атқан әрбір таң сізге тек шаттық пен қуаныш әкелсін!

Құтты болсын мерекелі тойыңыз, Орындалсын арман-мақсат, ойыңыз. Әулетіңіздің құрметіне бөленіп, Әрқашанда биік төрде болыңыз!

Ақ тілекпен: Мейрам-Сақыпжамал және балалары.



Кішкентай құлыншағымыз **Өміртай Ерхан Өмірханұлы!**

Сені алғаш мектеп табалдырығын аттаған мерекелі күніңмен шын жүректен құттықтаймыз!

Адам баласының өміріндегі ұмытылмас кезеңі, білім әлемінің алғашқы баспалдағына қадам жасауы маңызы зор оқиға ғой. Міне, осы бір жүрек тебіренерлік жарқын күнде қадамына сәттілік пен зор денсаулық, шаттығы мол өмір, бақытты балалық шақ тілейміз. Бірінші күннен бастап білім мен тәрбие ошағында өтетін әрбір күні мен жылдары мол жеміске, қуаныш-қызыққа, айтулы жеңіске толы болсын!

Үздік оқы, қанаттарың талмасын, Тек жақсылық жалғай берсін жалғасын. Мектеп – теңіз, айдынында шомылып, Бойға жинай аласың білім арнасын.

Ігі тілекпен: «Ақтоғай аяғу» газеті редакциясының ұжымы мен ардагерлері.

Хабарландыру

«Ақтоғай» несие серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының жалпы жиналысы 22.11.2025 жылы сағ 15:00 – де болады.

Күн тәртібінде төменгі мәселелер қаралады:

1. Қатысушылардың ревизиялық тексерістің қорытындысымен таныстыру.
2. Жұмыс жасап отырған басқарма төрағасының лауазымына сәйкестігін қарау.
3. Басқарма мүшелерін қайта сайлау.
4. Ревизорлық комиссиясының құрамын қайта сайлау (НС ревизорын);
5. Несие серіктестігі несие алушыларының ішкі берешегінің жабуылуына бақылау жасау.
6. 2025 жылдың екінші тоқсанының бюджетін бекіту, штаттық кестені қарау.
7. Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту:
– Несие серіктестігінің провизия (резерв) есебі методикасы:

- Ревизиялық комиссиясының ережесі:
- Қызметтік іс-сапар туралы ереже:
- 8. 2025 жылға басқарманың жұмыс жоспарын бекіту.
- 9. 2024 жылдың бюджетінің орындалысы туралы есепті бекіту.

10. Несие серіктестігі мен "Азғарлық кредиттік корпорация" АҚ арасында қосымша келісімдер жасасу жолымен сыйақының пайыздық мөлшерлемесін несие серіктестігі үшін жылдық 25% - ға дейін, несие серіктестігінен түпкілікті қарыз алушылар үшін жылдық 29% - ға дейін ұлғайту (жаңадан берілетін қарыздар бойынша).

Құрылтайшылардың жалпы жиналысы Ақтоғай селосы, Ә.Бөкейхан көшесіндегі №19 ғимаратта «Ақтоғай» несие серіктестігі» ЖШС мекемесінде өтеді. Құрылтайшылардың жиналысқа толық қатысуы сұралады. Шаруашылығын дамытуға несие аламын деген шаруа қожалықтары мына телефонға хабарласуы керек: 8 (71037) 2-18-21, 2-18-00, 8777 540 34 71.



Открылось наследство после смерти Сейдахметова Саята, 07.03.1951 года рождения умершего 26.04.2025 года. Наследникам обращаться к нотариусу Имашевой М.К. по адресу Карагандинская область Актогайский район поселок Сарышаган улица Темиржол 12 Б.

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу күзегі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 1020 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, 87770498986



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

